

БЕКІТЕМІН

«АЖЖЭ» ЖШС Бас директоры

М.Жунусов



«Алматыжылужайэнерго» ЖШС-дегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау арқылы анықталған сыбайлас жемқорлық құжық бұзушылықтарына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Шаралар	Аяқтау мерзімдері	Аяқтау нышаны	Жауапты орындаушылар	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5	6
1.	Өндірістік-техникалық басқармасына Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 30 сәуірдегі шешіміне сәйкес «ЕС-Арна» ЖШС-нен айыпшұлды (айыпшұлды, өсімпұлды) толық көлемде өндіріп алу шараларын қабылдау тапсырылсын.	Ш-тоқсан	Төлем құжаты	ӨТБ Жусупбекова Д.С.	

2.	<p>Ұжымдық шартта зейнеткерлік жасқа жеткенде сауықтыру жәрдемақысын төлеу мәселесі бойынша жұмыскердің өз қалауы бойынша екіұшты түсіндіруге жол бермейтін Ережелердің тұжырымдамасы болуы қамтамасыз етілсін. Зейнеткерлік жасқа жеткенде еңбек шарты бұзылған жұмыскерлерге сауықтыру жәрдемақы төлеуді көздейтін Ереженің тармағында жұмыстан шығарудың нақты негіздерін - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 53-бабының 9-тармағы және 52-бабының 1-тармағының 24) тармақшасы көрсетілсін.</p>	2026 ж. шілде	«АЖЖЭ» ЖШС Ұжымдық шарты	Абдіғалиева Т.С. КБ және Джантасов Д.К. ҚЭБ	
3.	<p>Денсаулық сақтау саласындағы жәрдемақыларды төлеудегі бұзушылықтар жүйелік сипатқа ие болғанын және осыған ұқсас реттеу мәселелерінде процестердің бұрмалануы мен ведомстволық құзыреттердің шатасуы орын алғанын, сондай-ақ басқа кәсіпорындардың тиімді</p>	III-тоқсан	Ұйымдық құрылым	Оржанова А.И. Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	

	<p>Ұйымдастырушылық құрылымды қалыптастыру тәжірибесін ескере отырып, Еңбек және жалақы бөлімін кадрлар бөлімімен біріктіру мәселесі қарастырылсын.</p>				
<p>4.</p>	<p>Лауазымды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелер «АЖЖЭ» ЖШС веб-сайтын қолдайтын бөлімшеге оны «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 8-тармағына сәйкестендіру үшін қажетті ақпаратты үнемі беріп отырсын, сондай-ақ оны мерзімді түрде жаңартып отыруды қамтамасыз етсін.</p>	<p>Тұрақты</p>	<p>Материалдар, құжаттар, есептер</p>	<p>Барлық құрылымдық бөлімшелер</p>	
<p>5.</p>	<p>Жеткізушілер мен мердігерлерге айыппұлдарды (айыппұлдар, кешіктірілген төлемдер) есептеу және беру туралы ережелерді әзірлеу, онда келісімшарт бастамашысы жұмыстың аяқталу актісіне және соңғы төлемге қол қоймас бұрын бухгалтерия бөліміне келісімшартты орындаудың барлық мән-жайларын, соның ішінде тоқтаға тұруларды, форс-мажорлық жағдайларды, тапсырыс берушінің кінәсінен</p>	<p>II-тоқсан</p>	<p>«АЖЖЭ» ЖШС Бас директорының бұйрығы</p>	<p>МСА және МТЖБ Әбілжанұлы.Е.</p>	

	<p>тоқтаға тұруларды, орындалған жұмыстың әрекеттері мен көлемін және т.б. көрсететін айыппұлдарды (айыппұлдар, кешіктірілген төлемдер) есептеу туралы жазба ұсынуы тиіс.</p>				
<p><b>6.</b></p>	<p>Мемлекеттік сатып алу және логистика департаменті тұрақты негізде контрагенттердің сенімділігін, тиесілігін, байланыстарын және бюджет пен контрагенттер алдындағы міндеттемелерін орындауын тексеру үшін қолжетімді ақпараттық жүйелерді пайдаланады, сондай-ақ сатып алу рәсімдерін енгізу кезінде және заң бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жауап беруді қажет ететін ақпарат анықталған кезде жетекші менеджермен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сәйкестік қызметімен өзара әрекеттеседі.</p>	<p>Тұрақты</p>	<p>Жауап беруді қажет ететін мәліметтер болған жағдайда СЖҚҚ-ке ақпарат беру</p>	<p>МСА және МТЖБ Әбілжанұлы. Е.</p>	



**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
қызмет бастығы**

**Т.Сулейменов**